

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Атырау облысы Білім беру басқармасының Құрманғазы ауданы білім бөлімінің «Нұрсәт» бөбекжай балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерге ішкі мониторингі үшін негізінде келесі құрамдағы жұмыс тобы құрылды:

- 1.Г.К. Утепова балабақша меңгеруші
- 2.Г.Ж. Кумарова - әдіскер
- 3.Д.К. Мусаева – саз жетекші
- 4.Л.Е .Утебулатова - кәсіподақ комитетінің төрайымы.
5. А.Жұбатқанова – шаруашылық меңгеруші,
- 6.Н.Тунгушалиева - медбике
- 7.А.Б Мусабаева – тәрбиеші,

2025 жылдың 5 айына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізу кезінде балабақшада жалпы қызметкерлердің нақты саны 20 адамды құрайды. Кадр саясатын ескере отырып, балабақшаға лауазымдық міндеттер мен қызметтік жауапкершілікті бөлу жұмысқа қабылдау кезінде қол қою арқылы танысу жүргізілетін лауазымдық нұсқауларға сәйкес жүзеге асырылады.

Балабақшаның барлық қызметкерлері еңбек шартына сәйкес өздерінің міндеттерін орындайды. Педагогтер педагогикалық қызметпен айналысады, техникалық персонал лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес орындайды. 2025 жыдың сәуір айымен FaceBook әлеуметтік жүйесіне және Enbek.kz электрондық еңбек биржасына бос жұмыс орнын жариялау арқылы дене нұсқаушы маманы жұмысқа алынды.

Балабақша қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың және этика кодексінің негізгі принциптері мен ұсыныстарымен танысты.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету:

Қазіргі уақытта Атырау облысы білім беру басқармасының «Құрманғазы ауданы білім бөлімінің Нұрсәт бөбекжай балабақшасы» КМҚК екі мемлекеттік қызмет көрсетеді: Балаларды мектепке дейінгі білім беру ұйымына қабылдау және педагог кадрларды аттестаттау.

Талданып отырған кезеңде "Педагог кадрларды аттестаттау" мемлекеттік қызметі көрсетілмеді, өйткені балабақша педагогтарының ешқайсысы ұлттық біліктілік тестілеуін өтініш білдірмеді. Себебі педагогикалық қызметкерлердің санаттарының мерзімдері жарамды болуына байланысты.

Талданып отырған кезеңде 2025 жылдың 5 айы кезінде «Балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі 2 тәрбиеленушіге көрсетілді. Үлгілік қағидаларға сәйкес балаларды қабылдау ҚР заңнамасына сәйкес INDIGO24.kz «Электрондық балабақша» порталы арқылы жүргізілді. Құжаттар типтік ережелер тізіміне сәйкес қабылданды. Балалардың балабақшаға келуі құжаттарды қабылдау және шарт жасасу күніне сәйкес қозғалыс кітабына енгізілді. Көрсетілетін қызметті беруші тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту

анықталған жоқ. Көрсетілетін қызметті беруші тарапынан мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тікелей байланыс байқалмады. Балаларды балабақшаға қабылдау туралы барлық ақпарат балабақша сайтында, Instagram akkaунтында және балабақша фойесіндегі өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышында орналасқан. «Балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жасау.

МДҰ-да азаматтардың өтініштері бойынша жұмыс талданып отырған кезеңде балабақшаға жеке және заңды тұлғалардан 7 өтініш келіп түсті, олар анықтамаларды алу үшін. E-OTINISH платформасы арқылы жыл бойына 4 өтініштер келіп түсті. Барлық өтініштер қаралып, қанағаттандырылды.

Өтініш білдіруіне қарай ата-аналар үшін балаларды балабақшаға кезекке қою, электрондық шарттар жасасу, ата-аналар тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту бойынша консультациялар жүргізіледі.

Іс қағаздарын жүргізу

Істер номенклатурасы бекітілген және ҚР заңнамасына сәйкес келеді. Барлық құжаттама ҚР заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Мөр, мөртабандар меңгерушінің кабинетінде сейфте сақталады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру.

Атырау облысы білім беру басқармасының "Құрманғазы ауданы білім бөлімінің

КМҚК «Нұрсәт» бөбекжай балабақшасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бар, жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысы жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың іске асырылуына жауапты болып – әдіскер Г Кумарова тағайындалды. Балабақша сайтында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі мониторинг жүргізу нәтижелері, әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің байланыс деректері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттар көрсетілген. Қазіргі уақытта «Нұрсәт» бөбекжай балабақшада сыбайлас жемқорлыққа қарсы бұзушылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комитеттің міндеттерінің бірі жалақы, демалыс, еңбекке жарамсыздық төлемдерін төлеу кезінде заңнаманы орындау болып табылады.

Бұл салада бұзушылықтар болған жоқ, жоғарыда аталған төлемдерден басқа, балабақша қызметкерлеріне басқа қаржылық төлемдер жүргізілген жоқ. Қазіргі уақытта балабақшада мүдделер қақтығысы мен шектеулер анықталған жоқ.

МДҰ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай жергілікті актілер қолданысқа енгізілді:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты, сыбайлас жемқорлыққа төзеушілікті қалыптастыру, БАҚ қызметкерлерінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру мақсатында, қызметкерлер үшін үнемі кеңес берулер өткізіліп тұрады, «STOP сыбайлас жемқорлық»

ақпараттық буклеттері жасалды, ақпарат мектепке дейінгі ұйымның сайтында, Instagram-аккаунтында және БАҚ фойесіндегі ақпараттық стендте орналастырылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жүргізу барысында жұмыс тобымен көрсетілген кезеңде бұзушылықтар анықталған жоқ, балабақша қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға көндіру туралы арыздар түскен жоқ.

Қаржы-шаруашылық қызметі

Мемлекеттік сатып алулар және шаруашылық шарттар тек мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі. Барлық құжаттама ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды жүргізуге жауапты тұлға бухгалтер А. Кужабекова қатаң түрде жүргізіледі.

Ақылы қызмет түрлерінен түсетін табыс қосымша қызметтер көрсету шарттарын көрсете отырып, шарт жасалатын көрсетілетін қызметті алушыдан аудару арқылы ұйымның есеп айырысу шотына түседі. Алынған қаражат балабақша қажеттіліктеріне пайдаланылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша жұмыс тобы келесі ұсынымдар шығарды:

- ұжымның барлық мүшелеріне ҚР заңнамасын және «Педагогикалық әдеп туралы» заңын ұстану;
- әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілге сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу;
- осы тақырып бойынша материалдарды балабақшаның сайтында және ақпараттық стендтерде орналастыру;
- мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнаманы сақтау, ұжым мүшелерімен және мемлекеттік қызмет алуға өтініш білдірген тұлғалармен тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- хатшыға жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдеріне бақылауды күшейту;
- ата-аналар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірмелі жұмысын жалғастыру, сыбайлас тәуекелдерді анықтау бойынша жиі түрде (жылына екі рет) сауалнамалар жүргізу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу-баршамызға ортақ міндет»

«Нұрсәт» бөбекжай балабақшасы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған ішкі талдау жүргізу кезінде

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясын;
- 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар);
- 4) өзге де құқықтық актілерді басшылыққа алынды.

Іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып сәйкесті жоспарлау жұмыстары жүзеге асырылды.

Сыбайлас жемқорлық қарсы жұмыстың мақсаттары мен міндеттері:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру, оның алдын алу көріністерін азайту.
2. Құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, балабақша жұмысын қамтамасыз ететін қабылданған шешімдердің ашықтығы және жариялылығы.
3. Тәрбиелеу — оқыту үрдісінде педагогтер тарапынан болатын келеңсіз әрекеттердің алдын алу.

Әр педагог білуі тиіс:

— Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық пен күрестің нормативтік құқықтық базасын;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылық үшін жауапкершілікке тартылу тәртібін;

-Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеуді;

— Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығуды.

Балабақшада құқықтық Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің


(Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарының қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекеттік қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Балабақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда.


Мектепке дейінгі ұйымда ақша жинауды болдырмау, балабақшамен қоштасу, мерекелерде балабақша қызметкерлеріне сыйлыққа ата-аналардан ақша жинамау шаралары үнемі қатаң қадағалануда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмысының барысы балабақша әкімшілігі жиналысында мәселе ретінде талқыланып қаралады. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылған. Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шара мақсатты болып келеді.


Жұмыс тобының мүшелері:

1. Г.К. Утепова балабақша меңгерушісі






2. Г.Ж. Кумарова - әдіскер. 

3. Д.К. Мусаева - саз жетекші. 

4. Л.Е. Утебулатова - кәсіподақ комитетінің төрайымы. 

5. А.Жұбатқанова - шаруашылық меңгерушісі. 

6. Н.Тунгушалиева - медбике. 

7. А.Б Мусабаева - тәрбиеші. 